

Былтырғы жылғы шілде айының бір күнінде Ақадырға жол түскен. Мұнда Алматыдағы әдеби қауымның жалы күдірейген арыстандарының өзі мойындайтын жоталы жазушы, қаламының көмейі екі айыр Өмір Кәріпов тұрады. Алматылық азулылардың «Құдайға тәубе, ауылда Өмір бар деп жүреміз Алматыда», — дегендерін өз құлағымызбен бір емес, бірнеше мәрте естігенбіз...

Ақсақалдың ақшаңқан үйі Ақадырдың күнбатыс жақ шетінде. Сырты шарбақпен мұқият қоршалған, ауласы тап-тұйнақтай, өрнәрсесінен шаруаға ықтиятты адамның қолы көрініп-ақ тұр. Үйге кірмес бұрын шарбақтың басына ілінген кәдімгі үйеңкі

есімде қалыпты.

Содан бері де арада жыл өтіпті. Сол айтқаны «Шырағдан» деген кітапқа айналып, таяуда менінде қолыматиді. Кітап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы бойынша Алматыдағы «Құс жолы» баспасынан екі мың дана тиражбен шыққан.

Кітапты парақтай отырып, көңілі алаң, ішкі дүниесі әлем-тапырық ақсақалдың мойымас рухын, мұқалмас жігерін мойындайсың. Көңілдің алаңын қаламның қарымы жеңген екен! Жаны сұлу жазушы жылқыға «сырты түк, іші боқ» жануар деп емес,

жарасының аузын тырнап ашып, өзегін жұлып алғысы келетіндей.

Кітаптағы соңғы бөлім - ой, нақылдардан оқырманның алар олжасы аз болмас деп ойлаймыз. «Қаламмен ойнау қауіпті. Онымен әуреленген не өзін, не өзгені жаралайды. Қаламнан алған жамақты шілі келеді, сүйекпен бірге кетеді», — дейді Өмкең. Қолында қаламы барды селк еткізіп, алды-артына абайлап бір қаратып алуға күші жетер соқталы ой, салмақты пікір. Кейбір жерінде жүйріктің желіп келе жатып, бауырын жазып шауып алатыны сияқты өлеңмен де тепкелеп кететін жері бар:

Сарғайтып берген асыңнан,  
Мезгілімен ішкен көже артық.

# Алаңды жеңген қалам

күбіні көзім шалып қалды. Сырты - ыстаған тобылғының түтінен әбден қарайып кеткен, өзіміз бала күнімізде талай рет мықшындап қымыз піскен қара күбі. Жүрегім шым ете қалды. Бұдан бұрын ақсақалдың қолындағы бар жылқысын пиғылы теріс залымдардың қуып әкетіп, жоқ қылғанын естігенмін...

Өмкең жездеміздің мұртының шалғайы жығылмай, ширатылып тұрғанымен, еңсесі түсіп кеткендей көрінді маған сол бір кездескенімізде. Сол үйдегі апамыз (біздің елдің қызы) дастарқанға айран әкеп қойды. Өмкең терең күрсінді. «Е-е-е, сапырып сары қымыз ішіп отырушы едік, күбі қаңсып шарбаққа ілінді ғой...» дегенді қабағы айтып отырды...

Сол күнгі әңгімеміз соншалықты жараспады, білем. Ақсақалдың есіне қолды болған ақадал малы түсе беріп, күрсінуді жиіліп кетті. «Мал ашуы — жан ашуы» деген, айдың күннің аманында бар малынан айырылғаны өз алдына, сорғалаған қаны, сойдақтаған ізі шыққан ұрыдан есемді әпереді деген тиісті орындардың қауқарсыз құлықсыздығынан, жаны ашымас тоңмойындығынан тауы шағылып, төменшіктеп қалыпты. Құдай-ау, дейсің ішіңнен, жылқының кісінегенін құлағы шалса, жаны нәзік жазушы шалдың шұқырай жұлқынған сорлы жүрегі қалай шыдап жүр десеңізі?! Сол күнгі сорабы солғындау болған әңгіме барысында ақсақалдың ілгері-кейінде жазған әңгімелерінің басын құрап, баспаға өткізіп қойғанын айтқаны ғана

көңілінің алданышы, шаоытына шабыс берген дүниенің қызығы ретінде қарайтын. Сол алданыштан айырылғаннан кейінгі жалғыз қалған жұбанышы — қаламына жармасқан екен ғой. Мына «Тамызықты» жазушының қызуы қайтып, шоғы қоламтаға айнала бастаған шағында шығармашылығының отын маздатқан тамызық деп қабылдадық.

Өмір Кәріпұлының баспадан жаңа шыққан кітабын төрт бөлім: «әңгімелер», «мысал әңгімелер», «шымшымалар» және «нақылдар, ой орамдары» құрайды. Бірінші бөлімде топтастырылған он жеті әңгімесінің қай-қайсын алып оқысаңыз да, алдыңыздан ауылдың майда самалы ескендей болып, жаныңызды жадыратар сезім толқынымен қауышасыз. Қып-қысқа, шып-шымыр, дәмді әңгімені араны ашылған рухани қажеттілік екі-ақ қарлып асайды. Жұғынына жүк болмағандай сезімде қаласың. Тек таңдайда дәмді, бойда тағы бірнәрсе қалады: бір атым насыбайдың еліткеніндей, бір аяқ қымыздың желігіндей...

Мысал әңгімелер де адамды жалықтырмайды. Шолтаң етіп тез бітіп қалғанымен, ойға ұзақ шомдыратынын қайтерсіз?! Қаламынан басқа сенері қалмаған карт жазушы айналасына мысқылмен, сынмен қарайды. Қоғамдағы көзге сүйелдей болған кем-кетікті ғана емес, тасадағы тығылып жатқан, бұта арасында бұғып жатқан жаманат атаулыға қаламынан улы сия бүркеді. Бейне бір қоғамының бітеу

Бағасы қымбат торғыннан,  
Арзанға түскен боз артық.  
Ықылассыз берген сәлемнен,  
Бас изексен көп артық.

Анау бір күні жазғытұрмының қайырылып соққан боранында Өмкең Қарағандыға келіп кеткен. Қалада екі күн жатып, облысымыздың прокуроры мен полиция басшысына кіріп шықты. Сол, баяғы қолды болған қылқұйрықтарының мәселесімен де. Лауазымды екі басшы да арызын тік тұрып тындапты. Ақсақал жоғалған жылқысының жартысы табылғандай, әлденеден үміт етіп, жадыраңқы қайтқан болатын сонда үйіне. Содан бері үн-түңсіз жатыр...

Қолыма ақсақалдың мұқабасы жып-жылтыр, тәуір түптелген «Тамызық» кітабын алып, бірінші бетін аштым. «Шүленгер» деп аталатын аңыз-әңгімесі «шу» дегенде: «Атымтай хан ордасына жоғалтқан мақамды әңгіменің жанға жайлы, жүрекке ыстық ырағы. Үйіріп әкетеді, жүрмесіңе қоймай жетектей жөнеледі...

Көз алдыма қолына ұстаған жүгені бар, күншығыс жақты бетке алып, жаю кетіп бара жатқан қара шалдың сұлбасы елестеп кетті... Қара шал жылқысын табар-таппас, ал «Тамызығының» оқырманын табары анық.

Қайрат ӘБІЛДИНОВ.

